

ӘОЖ: 67:3.1

## ҚАСИЕТТІ ҚАЗАҚСТАН: ТОРҒАЙ ДАЛАСЫНЫҢ ДАҢҚТЫ БАТЫРЛАРЫ

**Абдрахиева Кымбат Маратовна**

[abdrakhiyeva@mail.ru](mailto:abdrakhiyeva@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Тарих факультетінің 1 курс магистранты,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекші: т.ғ.к., доцент Мухаметжанова Н.А.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты бағадарламалық мақаласының негізінде «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы қолға алынды. «Әрбір халықтың, әрбір өркениеттің баршаға ортақ қасиетті жерлері болады, оны сол халықтың әрбір азаматы біледі. Бұл – рухани дәстүрдің басты негіздерінің бірі» [1], – деп Елбасымыз айтқандай, байтақ даламыздың қай өңірінде болмасын, киелі орындар мен қасиетті рухани құндылықтар бүгінге дейін сақталған. Ғасырлар қойнауынан бабалар үні сайрап тұрған сондай өңірлердің бірі – Торғай даласы. Халқымыздың басынан кешкен күрделі кезеңдер мен елдің рухани даму жолында үлкен рөл атқарған бұл өлкенің алатын орны бөлек.

Жаугершілік замандарда еліне қорған, халқына пана, ел тағдырын бәрінен биік қойып, ұлттың тұтастығын, жерінің бүтіндігін мұрат ете білген батырларымыздың ерең еңбегі әрқашанда біздің жадымызда. Қазақ қоғамында батырлардың тұтас біршама тобы жоңғар шапқыншылығына қарсы күрес кезінде пайда болды. Торғай даласы да өзінің жаужүрек батырларымен әйгілі. Жоғарыда аталған Елбасының жобасы негізінде батырларымыздың жерленген орындары еліміздің киелі жерлерінің географиясына енгізілді.

Жобаға енген киелі орындардың бірі – Арқалық қаласына қарасты Екідің ауылында орналасқан Жәуке батырдың кесенесі. Жәуке Назарғұлұлы - белгілі батыр, қолбасшы, Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы күрес басшыларының бірі. 1822 жылы қазіргі Қостанай облысы Амангелді ауданында дүниеге келген. Орта жүз Арғын тайпасы Төлек руынан шыққан.

Төлек Жәуке батыр – алты алаштың ардақты да аруақты батырларының бірі. Егер Абылай заманында атамыз Шақшақ Жәнібек батыр қандай зор тұлға болса, Кенесары Наурызбай дәуірінде Төлек Жәуке атамыз да сондай құрметке бөленген тарихи тұлға. Бұлардың бірінің Шақшақ ата атымен қосақтала айтылуы мен екіншісінің Төлек ата атымен қосақтала айтылуының өзінде үлкен мән-мағына жатса керек. Жәуке бабамыз Алаш тарихына Төлек Жәуке деген атпен мәлім екені белгілі.

Жәуке жастайынан өр мінезді, намысқой, дұшпанына қатал болып өскен. Төлек Жәуке батыр Кенесары әскерінде 16 жасынан бастап қатысып, 25 жасқа дейін болған. Яғни, тоғыз жыл бойы қан майданда үзеңгілес боп қатар жүрген.

1838 жылы Жәуке батыр Ресей империясының отаршылдық саясаты мен озбырлығына қарсы қазақ ханы Кенесары Қасымовтың көтерілісіне қосылып, Ақмола бекінісін басып алуда ерекше көзге түскен. Жәуке батырдың басқаруымен әскери сарбаздары

бекініске алғашқылардың бірі болып кірген. Кейіннен Ақтау, Ор бекіністерін басып алған. 1842 жылы Иман мен Жәуке батырлардың табандылығымен сенімділігі арқасында Кенесары Қасымұлы Торғай жағалауында қыстап шығады. Кейіннен Кенесары ханның ордасы осы жерге көшіріледі. Жәуке батыр Кенесары Қасымұлының сарбаздарының отаршылдармен қақтығыстарында, Ресей үкіметінің жандайшабы Ахмет Жантөрин отрядына қарсы 1844 жылғы соғыста Ресей патшасының әскерлерімен бетпе-бет шайқасып, бірнеше рет күйрете соққы берген. Екатеринбург стансасына шабуыл кезінде ерекше көзге түскен. Халық қамын ойлаған батыр қара қылды қақ жарған әділдігімен, ақыл-парасатымен де ел құрметіне бөленген [2].

Белгілі тарихшы Ермұхан Бекмахановтың «Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісі» атты зерттеуінде Жәуке батырдың есімі аталып, жазушы Илияс Есенберлиннің «Көшпенділер» роман-трилогиясында, ақын Нұрхан Ахметбековтің «Қарға» дастанында Жәуке батырдың көркем тұлғасы сенімді өрнектелген. Туған жері Сарыторғай ауылында Жәуке батырдың ескерткіші, Амангелді ауданының орталығында Иман, Жәуке және Қошқар батырларға мемориалдық-композициялық ескерткіш қойылған. Амангелді ауданы орталығындағы бір көше Жәуке батырдың есімі аталады [3].

Келесі нысан - Амангелді ауданының Тасты ауылында орналасқан Кейкі батыр кесенесі. Кесененің ішіне халық батырының мүсіні орнатылған. 2017 жылы осы сағананың жанынан жаңа кесене салынып, қыркүйек айында батырдың сүйегін жерлеу рәсімі өтті.

Кейкі батыр (Нұрмағамбет Көкембаев) – 1916 жылғы Ұлт-азаттық қозғалысы тарихындағы белсенді және аңызға айналған тұлғалардың бірі. 1871 жылы Қостанай облысының Битума деген жерінде дүниеге келген, руы Орта жүз - Қыпшақ. Кейкінің азан шақырылып қойған шын есімі – Нұрмағамбет. Оның Кейкі атануының сыры – жасынан аңқұс аулап, кісіге онша жоламай, біртүрлі кейкііп жапан далада жалғыз жүргендігінен. Кейкі балуан денелі, түсі суық, ашуланғанда екі көзі от болып жанып кететін, бірбеткей, қайсар, Арқа, Торғай даласын жатқа білген, күн райын алдын ала дәл болжаған адам болған деп сипаттайды көзін көрген қариялар. Сонымен қатар қолына Құран ұстап, намаз оқыған, ғайбат сөз айтпаған, теріс қылық жасамаған, әдептілігімен ауылдастарының ерекше сый-құрметіне бөленген. Ел тарихында Кейкінің құралайды көзге атқан деп сипаттайтын ғажайып қолмергендігі ақиқаттан шығып, аңызға айналып кетті. Оның қамшыгерлікпен де аты шыққан. Қашқанда да, қуғанда да қамшыдан адам құтқармаған. Дала ойындарында не түрлі сайыстарға қатысып, қыр елін қызықтарымен қуантып, таң-тамаша қалдырған өнерпаз [4].

Кейкі батыр көне замандардан мұра болып келе жатқан қазақтың халық термесі мен халық жыр-дастандарын беріле тыңдаған, өзі де домбыра тарту өнерінен құр алақан қалмаған. Ел арасында «Кейкінің салауаты» деген жыр да сақталған. Кейкі батыр өз елінің бостандығы мен тәуелсіздігі үшін күресті. Амангелді Иманов және қозғалыс жетекшісі Әбдіғапар ханның досы, серігі. Өзінің үзеңгілестері Амангелді Иманов, Әбдіғапар хан қайтыс болғаннан кейін Кейкі батыр кеңес өкіметіне қарсы шығып, қуғынға ұшырайды, 1919 жылдың 18 мамырында Ұлытау және Қызылқұмға кетуге мәжбүр болады. 1923 жылы көктемде ол қызыл әскерліктердің қолынан өлтірілді. Қазақ мергенінің кесілген басын қорқыту мақсатында Торғайдың орталық алаңына іліп қояды. Содан кейін оны дәлел ретінде Орынборға жібереді. Кейіннен Санкт-Петербургке Ұлы Петр атындағы (Кунсткамера) Антропология және этнография музейіне жіберіледі. 2016 жылы Кейкі батырдың сүйегі Қазақстанға жеткізілді. Венгрияның жаратылыстану ғылымдары музейінің мамандары жалпы антропологиялық талдау жасады және халық батырының бейнесін қалпына келтіру бойынша жұмыстар жүргізді [5].

Қостанай облысы Сарыкөл ауданына қарасты Крылов ауылынан 12 километр жерде атақты батырлардың бірі – Барак Жанұзақұлының қабірі орналасқан. Барак батыр шамамен XVII-XVIII ғасырларда, яғни 1696, кейбір деректерде 1722 жылы, қазіргі Қостанай облысы Жангелдин ауданы Алдияр ауылында туған. Әкесі Жанұзақ Қарабалуан есімімен мәшһүр болған түйе балуан. Барак Жанұзақұлы 1740-1758 жылдары қазақ жерін қалмақ

басқыншыларынан азат ету жолындағы Ордабасы жиынына, Бұланты, Аңырақай шайқасына қатысқан. Барақты Бұқар жырау өз жырында батырлар санатында атайды. Барак Қарабалуанұлы Абылай ханның қасында болып, хан сенімін ақтаған.

Батырлығымен қатар емшілік, көрегендік қасиеттерімен де халыққа кең танылған. Аттан құлап, белін, аяқ-қолын сындырған адамдардың сүйектерін орнына салып, теріге, киізге орап тез жазады екен. Барақты халық қара күштің иесі деп таныған. Шайқастарда Барак батыр қолбасшылық, тапқырлық, айлакерлік талантымен көзге түседі, тікелей өзі ұрысқа кіріп, найзамен орыс казактарын бір соққаннан ер-тоқымынан домалатып түсірген. Сол кездерден бастап Барак батыр туралы аңыздар тарала бастайды.

«Емельян Пугачев қозғалысына қатысушылары патша әскерінен жеңіліп, қаша қалғанда, бұл қалың топ қазақ жеріне өтіп кетсе, артынан патшаның жазалаушы отряды қуады, яғни Ресей мен ресейліктердің арасында қырғын соғыс қазақ жерінде болады» деп Абылайхан даналықпен болжаған. Осы келеңсіз жағдайды болдырмау мақсатымен Абылайхан Ресеймен шекарадағы бекіністерді қорғап қалуға екі топ сарбаздарды жібереді. Бір топты Шақшақ Жәнібек тарханның ұлы Дәуітбай тархан, екінші топтағы саны 2000 сарбазды Қарабалуанның баласы Барак батыр басқарады. Абылай ханның түпкі ойын бірінші түсінген Барак батыр қазақ жері арасындағы бекіністерді қорғап, қазақ жеріне соғыс өртінің шықпауын қамтамасыз етті. Осы маңызды тапсырманы орындап келгені үшін Абылайхан Баракқа өте риза болып: «Өзің батыр, өзің әулие екенсің ғой. Сені ел емші-батыр, бақсыбатыр деуші еді. Мен «Әулие-батыр» деп айтамын», – депті [6].

Барак батыр 93 жасында дүниеден озған. Ұрпақтарына өсиет етіп «мені алып бара алсаңдар, Түркістанға Ахмет Иассаuidің кесенесіне әкемнің жанына жерлерсіңдер, егер алып бара алмасаңдар өз жерімнің шекарасына қойыңдар, ұрпақтарыма қорған болып жатармын», – деген екен. Екі ғасырдан артық уақыт бойы бүкіл Солтүстік, Орталық Қазақстан және Ресейдің бізбен шекарадағы облыстарынан қазақтар, жалпы мұсылман қауымы әдейі келіп, Сарыкөл ауданы аймағында орналасқан Барак батырдың зиратының басына түнеп, құрбан шалып, құран оқытады [7].

Жангелді ауданына қарасты Шұбалаң ауылында орналасқан Баймырза батыр Теңізбайұлының (Мерген) кесенесі. Әуелде саманнан тұрғызылған зират орнына ұрпақтары жаңа кесене көтерген. 2013 жылы бой көтерген мазардың биіктігі 15 метр, күмбезі 4 метрге жуықтайды.

Ұрпақтарының айтуынша, Баймырза Теңізбайұлы 1741 жылы батыр әулетінде дүниеге келген. Баймырза батыр XVIII ғасырда «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» атанған қиын кезеңде жоңғарға қарсы жорықтарда Торғай бойын жайлаған Әйдерке Арғынның қолбасшысы болған, Алты Алаштың арыстарына бақилық мекен болған қасиетті Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне жерленген Мерген батырдың бел баласы, халқымыздың азаттық күресінің туын әкесінен мирас қылған ізбасары. Баймырза Мергенұлы іргелес Ресейдегі Е.Пугачевтің көтерілісінде де жан-жақты қолдау көрсетіп отырған. Тарихшы Е.Бекмаханов Баймырза мен Пугачевтің хат жазысып, хабарласып тұрғандарын жазады. Бұл дерек Баймырза әулиенің Ресей үкіметінің отаршылдық саясатына наразы болып, қарсылық көрсеткенін дәлелдейді.

Сонымен қатар болашақты болжап және түрлі жүйке ауруына ұшыраған науқастарды емдей білген үшін жұртшылық Баймырза батырды көзі тірі кездің өзінде «Баймырза әулие» деп атап кеткен. Баймырза әулиенің басына орнатылған белгі қазірге уақытқа дейін жақсы сақталып, халық мінажат ететін қасиетті орынға айналған. Кеңес үкіметі кезеңінде де халық бұл қасиетті орынға келіп, мінажат етуді тоқтатпаған. Баймырза әулие 1829 жылы 88 жасында дүние салған. Ел арасында «Баймырзаның сабасындай берекелі екен» деген сөз де сақталған. Оның мәнісі: Баймырза асып жатқан бай кісі болмаса да дастарханы жиналмайтын, үйінің белдеуінен ат кетпейтін қонақжай адам болған [8].

Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданына қарасты Журавлев ауылында Жабағы батырдың қабірі орналасқан. Қара қыпшақ Қобыланды батырдың тікелей ұрпағы, ту байлап, жауға шапқан Жабағы батыр XVIII ғасырда өмір сүрген. Ол туралы ел арасында аңыз-әңгіме

көп болған, оның ұшы бүгінге дейін жеткен. Жабағы батыр қазақ халқының жоңғарларға қарсы шабуылына қатысқан. Ол атақты Жәнібек батырдың туысы әрі Абылай ханның серіктестерінің бірі болған.

Ел аузындағы аңызға қарағанда, Қыпшақ даласына ат қойып келген қалмақтардың үлкен тобы Жабағы батыр ауылының дәл іргесінде жеңіліп, ажал құшады. Жасанып келген жауға қарсы қайрат қылып, қойдай қырса да, бұл кезде шау тартып қалған батырдың астындағы атына оқ тиіп мертігіп, ерден ауып түседі. Жаяу соғысып, қылыштасып жүргенде ту сыртынан атылған оқтан жаралы болады. Бұл жарадан сау қалмасын білген қолбасшы сонда жұртты жинап: «Атаңа нәлет қалмақтардың өлігін сасытпай, үлкен шұңқыр қазып, бәрін бір жерге көміндер, ал күні ертең мен о дүниелік болып кетсем, сол шұңқырдың үстіне оба үйіп, төбеге өзімді жерлендер, ата жауымыз тұрып кетіп жүрмесін, үстінен басып жатайын» десе керек. Батырдың өсиетін елі бұлжытпай орындаған. Жазықтағы бүгінде шөгіп кеткен жалғыз төбенің қолдан үйілгеніне күмән келтіру қиын. Батыр зираты, шынында да, қарауыл төбеге ұқсайды. Жабағы батыр елдің шетінде, желдің өтінде жастыққа жантайып жатқандай [9].

Бізге жеткен тағы бір аңыз-әңгімелерге сүйенсек, жауынгерлік ерлігімен аты шыққан Жабағы батыр өле-өлгенше халқын жаудан қорғап, ерен ерлігімен ел есінде мәңгіге сақталды. Шайқас кезінде жоңғарлардың көп әскері даланы басып алған уақытта Жабағы батыр сарбаздары жауға қарсы бастап барған. Көп қан төгілген ұрыс ұзаққа созылады. Тіпті шайқас барысында қалмақтар батырдың жылқысын жаралаған. Алайда, ол жаяу жүріп шайқасты жалғастырған. Бірақ та ту сыртынан атылған жаудың оқтарының бірі Жабағы Ипанұлына тиіп, батыр жараның ауыр екенін сезеді. Тіпті бұл жарадан сау қалмасын түсінген батыр барлық халқын жиып: «Жоңғардың өліктерін сасытпай үлкен шұңқырлар қазып, соған көму қажет. Кейін мен қайтыс болған соң, сол шұңқырдың үстіне оба үйіп, төбесіне мені жерлендер. Ту сыртымыздан оқ ататын жауымыз тіріліп кетпес үшін үстінен басып жатайын» десе керек. Содан батыр бабаларының өсиетін жұрты бұлжытпай орындаған екен. Осылайша Жабағы батыр қазақ жеріне шабуыл жасаған дұшпандарға алдағы уақытта қылыштарын көтермеуді ескерткен болатын. Ақыры соңында батырдың аңсаған мұраты жүзеге асты. Ал батырдың мұнарасын ел аузында жергілікті халық өз қолдарымен тұрғызған деп айтылады.

Қабірге жақын маңда орналасқан шатқалдың астында бұлақ ағып тұрады. Бұл суды ақсақалды қарттар қасиетті екенін айтады. Өйткені ағын суды ішкен адамның көңіл-күйі көтеріліп және өзін сергек сезінеді екен. Мұнда әсіресе жиі келетін қажылар осында дұға етіп, күні-түні Жабағы батырдың киелі рухын дәріптейді екен. Кейін батырдың маңына оның жақын досы әрі серіктесі Жаманқы батыр жерленген [10].

Қостанай облысындағы киелі мекендердің соңғысына Меңдіқара ауданы Боровской кентіндегі Маңдай батыр Байдәулетұлының зиратын қосуға болады. Еліміздің егемендігі, жеріміздің тәуелсіздігі үшін күрескен Абылай ханның құрдасы, қолбасшысы, қазақтың Қостанай өңірінен шыққан хас батыры.

Маңдай батыр, екі иығына екі адам мінердей кең, қарулы әрі екі алақаны күректей жалпақ жан болған. Маңдай батыр бауыры Деріпсалды екеуі Аңырақай шайқасында жоңғардың қабырғасын күйретіп, он жеті туын жойып, жеңіске жеткізуге үлкен үлес қосқан. Сол ерлігі үшін Абылайхан өзіне тартып, дос болып, Тобыл өзенінің бойындағы «Құтты алабын» сыйлыққа берген. Тәттіқара жыраудың «Қамыстың басы майда, түбі сайда» деп басталатын жырындағы «Деріпсәлі, Маңдайды айт қыпшақтағы» деген Маңдай батыр осы кісі.

«Батыр өмірден өтерден үш-төрт жыл бұрын, жас буын «Осы батырды тексерейікші» деп, батырдың он екі қанат киіз үйінің есігін қыл арқанмен орап-орап, тарс еткізіп жауып, дауылпаз қағып: «Жау, жау, жау шапты» деп ұрандатыпты. Ал есікті он шақты жігіт итеріп тұрыпты. Сонда батыр атып тұрып, есікті етігімен бір тепкенде есік бытшыт ұшып кетеді, әлгі жігіттер де қалпақтай түседі. Батыр атына мініп «Жау қайда?» десе, жігіттер тым-

тырақай қаша жөнеліпті. Батыр қуып жүріп сыбағаларын берген екен» – дейді ел аузында. Батыр 1803 жылы 93 жасында дүние салады [11].

Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттер бар. Бүгінгі өскелең ұрпақ осындай киелі орындарымыздың барын біліп, қастерлей білсе, басқалар да тарихымызға құрметпен қарары анық. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, еліміздің жарқын келешегі үшін өткенімізді ұмытпай, бүгінімізді биіктетіп, ертеңімізді асқақтата білуіміз қажет.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. 2017, 12 сәуір. – 5 б.
2. Ер Жәуке мінбегенмен алтын такқа: Деректі әңгімелер, эсселер, байыптамалар, сараптамалар /Жұмабек Кенжалин – Алматы: «ҚАЗАқпарат», 2012. – 534 б.
3. Жәрімбетова Н. Жәуке батырға ескерткіш орнатты // Егемен Қазақстан. 2013, 1 қараша. – 3 б.
4. Кейкі батыр: тағдыры, тарихы, тағылымы. <https://e-history.kz/kz/publications/view/2824>
5. Қуандықұлы Қ. Киелі жәдігерлер ұлт рухын көтереді // Амангелді арайы. 2018, 27 шілде. – 5 б.
6. Барақ Жанұзақұлы (Қарабалуанұлы) кесенесі. <http://taz-aldiyar.kz/kz/ruchani/item/23>
7. Шайсұлтанұлы М. Туған жер – киелі мекен // Сарыкөл. 2017, 19 қазан. – 3 б.
8. Қасым А. Торғай топырағындағы киелі орындар // Арна. 2018, 28 маусым. – 6 б.
9. Кәкімжан С. Құпияға толы қасиетті нысандар. [https://el.kz/kz/news/istoriya/kieliligine\\_bas\\_igen\\_kasietti\\_mekender](https://el.kz/kz/news/istoriya/kieliligine_bas_igen_kasietti_mekender)
10. Наурызбаев Қ. Қалмақ қырылған обада жатқан Жабағы батыр // Қостанай таңы. 2016, 2 мамыр. – 4 б.
11. Байдрахман А. Қасиетінен айналайын, туған жер // Арна. 2017, 30 қараша. -12 б.